



Ақмешіт

12 ақпан
сенбі

№12 (1817)

2022 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

СУЫҢ ТАРТЫЛСА, МҰНАЙҢ САРҚЫЛСА, ТІРШІЛІГІҢ ҚАЛАЙ БОЛМАҚ, ҚЫЗЫЛОРДА?

ҮКІМЕТТІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ – ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ

Осы аптаның сейсенбісінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен бейнебайланыс режимінде Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті, – деп хабарлайды Президенттің баспасөз қызметі. Жиында Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Мемлекеттік хатшы Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің Басшысы Мұрат Нұртілеу, Үкімет мүшелері, облыстар мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдері, орталық мемлекеттік органдардың және ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысты.

Мемлекет басшысы жиында сөйлеген сөзінде еліміздің былтырғы әлеуметтік-экономикалық дамуы қорытындыланып, биылғы жоспардың талқыланып отыратынын атап өтті.

– Өткен жылы ел экономикасы 4 пайызға өсті. Өңдеу өнеркәсібі 5,5, құрылыс индустриясы 7,6 пайызға артты. Қызмет көрсету саласында он үрдіс бар. Сауда-саттық 9,2, көлік саласы 3,6 пайызға артты. Дегенмен, инфляция жежелі деңгейден асып кетті. Бұл көрсеткіш 8,4 пайыз болды. Өкінішке қарай, қаңтар оқиғалары қалыпта өмірімізді түбегейлі өзгертті. Заңсыз әрекеттердің салдарынан көптеген азаматтарымыз зардап шекті. Шағын және орта бизнес өкілдері шығынға ұшырады. Қазіргі мәліметтер бойынша бизнеске 100 миллиардтан астам теңге көлемінде залал келді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің пандемияға, іскерлік белсенділіктің төмендеуіне және ұлттық қауіпсіздікке төнген сын-



кәтерлерге байланысты күрделі кезеңді бастан өткеріп отырғанына назар аударды. Сондай-ақ Президент Үкіметтің басты міндеті – халықтың әл-ауқатын арттыру екенін атап өтті.

– Біз осындай қиын жағдайда ел бірлігінің арқасында мемлекетіміздің қауіпсіздігін, тіпті да тұтастығын сақтап қалдық. Қазіргі Үкіметтің басты міндеті – халықтың әл-ауқатын арттыру, азаматтардың табысындағы алшақтықты азайту және еңбек етуге қолайлы жұмыс орындарын ашу. Бәріміз елдің игілігі үшін қызмет етуге тиіспіз, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, халықтың табысын арттыру және теңсіздікті азайту – басым міндеттің бірі.

– Қазіргі таңда 1 миллионға жуық адамның табысы ең төменгі күнкөріс деңгейіне де жетпейді. Бұл – соңғы 10 жылдағы ең нашар көрсеткіш. Қазіргі уақытта менің тапсырмам бойынша Халықтың табысын арттыруға арналған бағдарлама әзірленіп жатыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы инфляцияны ауыздықтау мәселесін екінші міндет ретінде атады.

– Сауда-саттықтағы тиімсіз делдалдыққа тоқтау салатын кез келді. Мысалы, 3 миллион адам тұратын Алматы қаласы мен оның төңірегіндегі елді-мекен тұрғындары тұтыну тауарларын көбіне «Алтын орда» базарынан алады. Алматы облысы мен Алматы қаласының әкімдеріне Үкіметпен бірлесіп, базарды тексеруді және тәртіп орнатуды тапсырамын. Бұл жер пайдакүнемдер үшін нағыз майшөллекке айналған. Бұған Алматыдағы қаңтар оқиғасы кезінде анық көз жеткіздік. Бұл – басқа өңірлерге де қатысты мәселе. Қажет болса, бұл жұмысқа құқық қорғау органдары атсалыссын. Екі ай уақыт беремін, – деді Президент.

Мемлекет басшысы экономиканы өркендету үшін қосымша қаражат қарастыру міндетіне де тоқталды.

– Еркін экономикалық аймақтардың көпшілігі инвестиция әкелу үшін тиімді бола алмады деп мен бірнеше рет айттым. Жарты триллион теңгеге жуық ауқымды салықтық ынталандыру топтамасына қарамастан жағдай осындай болып тұр. Нәтижесінде не таптық? Соңғы үш жылда еркін экономикалық аймақтарда өндірілген тауар көлемі ішкі жалпы өнімнің 1,5 пайызынан аспайды. Ал экспорттың үлесі жалпыөндіріс өнімінің 0,1 пайызын ғана құрайды. Осы мәселені реттейтін кез келді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Үкіметке бір айдың ішінде заңға өзгеріс енгізуден бастап, барлық қажетті шараны қабылдау, соның ішінде іштен және сырттан инвестор тартуға тапсырма берді.

2 БЕТТЕ

СӘЛЕМЕТСІЗ БЕ, МЕН ЖҰМЫС ІЗДЕП ЖҮРМІН...



– Қандай мамандық бойынша жұмыс іздеп келдің?
– Қазір айтсам күлесіз...
– Неге күлемін, айта бер.
– «Шыны кесуші»
– Қандай?
– Айттым ғой, мұндай мамандыққа жұмыс жоқ,
– Неге? Шыны зауыты бар емес пе?..
– Бұл жерде зауыт өкілдері байқалмайды. Қандай мамандық іздеріңді де білмей тұрмын, – деді аты-жөнін айтқысы келмеген жас жігіт. Осылайша әңгіме аяқталды.

Расында, бүгінде өз мамандығы бойынша жұмыс таппай жүрген жастар жетерлік. Соңғы жылдары жұмыссыздықты жою күн тәртібінен түскен емес. Дегенмен жұмыссыз жастар әлі көп. Осыған орай А.Токмағамбетов атындағы мәдениет үйінде «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесі өтті.

Бүгінде «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы жастарға берілген үлкен мүмкіндік. Жасыратын несі бар, екі қолға күрек таппай жүргендерге жол ашып, өз орын табуға таптырмайтын бағдарлама. Оқуын енді бітірген жас маманға немесе соңғы үш жылда мамандық бойынша жұмыс істемеген жастар қатыса алады. Бағдарламаға биыл өзгерістер енді. Осыған дейін жастар тәжірибесі арқылы жалақы 25 айлық есептік көрсеткіш көлемінде берілсе, енді жас мамандар 30 АЕК (91890) теңге жалақы алмақ. Биыл аталған бағдарлама арқылы 849 жас маманға қаржы қаралды.

– Ең жақсы жаңалықтың бірі – «Алғашқы жұмыс орны» жобасы. Бұл бағдарламаның тиімділігі түлектерді мамандығы бойынша 24 айға жұмысқа қабылдайтындығында болып тұр. Алғашқы 12 айдың жалақысы мемлекет тарапынан төленіп, одан соң жұмыс беруші тұрақты жұмысқа қабылдайды. Бұл жобаның ерекшелігі – арнаулы орта немесе жоғары білім талап етілмейді. Орта білім алған жастар да жұмысқа орналаса алады, – деді қала әкімінің орынбасары Бектас Нұриддинов.

2 БЕТТЕ

КЕЛЕСІ САҢДА: ЖЫЛ БОЙЫ НЕ ІСТЕДІҢ, ӘКІМ?

Қалалық мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаев қоғамдық кеңес алдында есеп берді. Мәслихат аппаратының және депутаттардың жыл бойы атқарған жұмысына тоқталып, шешімі тапқан мәселелер баяндамада тізбектелді. Сондай-ақ күрмеулі мәселелер де айтылмай қалған жоқ. Одан бөлек жиында «Қоғамдық кеңестер туралы» заңға енгізілген өзгерістер туралы кеңес мүшелеріне түсіндірме жүргізілді.



ДЕПУТАТ АҚША ТАРАТАТЫН АДАМ ЕМЕС

Жиында кеңес мүшелері депутаттың қоғамдық қабылдау аясын кеңейтуді ұсынды. Мұндағы мәселе – депутаттар қабылдауына бір адамның бірнеше рет келетіні. Яғни өзінің немесе тұрғылықты жеріне қатысты мәселесі бар адамдар санының көптігі. «Егер депутат мәселе айтып келген азаматқа жұмыс ұсына немесе мәселесін шешуге бағыт-бағдар берсе ол «жаман депутат» болып шығады. Ал егер қаржылай көмек берсе «жақсы депутат» саналады. Біз қабылдауларға бір адамның қайта-қайта келетінін көріп жүрміз. Сол үшін депутаттар аумақтарды өздері аралап, әлеуметтік желіде көтерілген мәселелерді сараптау қажет. Спорт пен балалар ойын алаңы секілді жасөспірімдерге қатысты мәселе көп. Бірақ қабылдауларға белгілі бір топтағы адамдар, көпбалалы аналар ғана келе береді. Олардың мәселесі белгілі! Сондықтан қоғамдық қабылдау

аясын, тұрғындар мәселесін тыңдауды кеңейтуді ұсынамын», – деді қоғамдық кеңес мүшесі Динара Әшәтова. Сонымен қатар ол спорт алаңдары, жұмыссыздық туралы ақпаратты қоғамдық кеңес бере алатынын да тілге тиек етті.

Мәслихат депутаттары бұл ұсыныстың орынды екенін айтып, көмек сұрап келген тұрғынға депутат қаржылай көмек көрсетсе, келесі күні оның тағы бірнеше танысы көмек сұрайтынын жасырмады. Сол үшін қазіргі кезде депутаттар арнайы қорға ақша салып, комиссия шешімімен көмекке мұқтаждарды жан-жақты зерттеп, шын мұқтаждарға ғана көмек берілетінін айтты. Одан бөлек, депутаттар қазіргі кезде қабылдау аясын кеңейтіп, «балық берме, қармақ бер» тұжырымы бойынша жұмыс істеуді бастағаны да айтылды.

2 БЕТТЕ

Әзіз ЖҰМАДИЛДӨУЛЫ

ДЕГЕН ЕКЕН

Ел ішінде сөз тауып айтатын айтқыштар аз емес. Мұндай оқиғалар әрбір ауылда болуы мүмкін.

Ел ішіндегі айтқыштар

Мырқымбай ауылда ананы-мынаны құртып, әбден жексұрын болыпты.



Тәуекел. Ештеңе қылмайды, Алланың басқа салғаны ғой.



Ұлылар сөзінен...

Қаламгерлер жүрген жерде әзіл-қалжыңның жүретіні белгілі.

Қалмұқан, Қалихан, Оралхан, Темірхан, Сабырхан сияқты «хандар» мынау автобуска отырындар!

Ақын Ұлықбек Есдәулетов бірде америкалық бір досын Алматыдағы ұлттық тағам жасайтын асханаға ертіп апарды.



Сен өз халқыңның озық ойлы зиялы өкілісің. Етті неге шанышқымен жемейсің?

Жазушылар одағындағы кезекті бір жиналыста бір жас ақын сөз алып, Сәбит Мұқановқа тиісе сөйлейді.

Жазушы, аудармашы әрі танымал журналист Сарбас Ақтаевтың әкесі тоқсаныншы жылдардың басында тоқсан жасқа жетіп дүние салыпты.

Сөкен ел жаққа бір барғанында тоқсанға таяп қалған, әйтсе де, мықтылық көрсетіп, сыр бермей шапқылап жүрген әкесіне:

Мына ұлыңның да елудің ішіне мольнан енген жайы бар. Өке, сен енді ақырына дейін шыдап, зейнетке шыққанша мені асырай тұр.

Баяғыда Қарағанды облысында қазақ әдебиетінің күндері өтетін болып, бір топ қаламгер сонда барады.

Қазақтың көрнекті ақыны Мұзафар Әлімбаев «Балдырған» журналын отыз жылдай басқарады.



Кім біледі ба шаба ма, бақ шаба ма? Бүкіл ойды қоя тұр жақшаға ала.

Ақша болса қалмайсың қатарыңнан, Адам түгіл, ат үркір атағыңнан.

Сыйламақ түгіл саған сөз бермейтін.

Күйініш

Әйелі күйеуіне: Бітпей-ақ бір сәт ертеңің, Жанымды менің ертеңің,

Осынша ойсыз болар ма ең, Уақытқа кетті, есең көп.

Болды ғой анау жұдырық, «Істе бір жұмыс» – десе індет.

Дегені сол ед еріне... «Көп сөйлей берме тасының,



Бетті дайындаған Ақтілек БІТІМБАЙ

Дегенмен алтын көрсе жолдан тайып, Ақшаң болса, пенде жок өзгермейтін.)

Кызың да қылар қазір қалтаңды дау. Аузың қисық болса да, салқам бір-ау.

Жағыну болса адамның арманы деп, Ешкім сөкпес қолымды алмады деп.

Көріп мұны сенімен сәтінем. Жазыла алсаң, көресің етіп емін.


Құшағында тербетер сайын дала. Оныңнан тұсын деймін айың дара.

Бұл өмір ғой, байырсың, уайымлама!



А.БАЙ

ХАТ ҚОРЖЫН ЕКПЕ АЛЫП, ЕРКІН ЖҰР



Көріп едік көп «иті»-ті; «Ақ, кара, сұр, көк итті...»

Омикрон шыққалы, деп жатыр жылдам жұқпалы... Белгілі болды бұның да, Шөлді аймақтан шыққаны.

Жақындатпай аймаққа, Жолатпай біздің айлаққа,

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ, ҚР ПМ-нің Елбас және Құрметті ардагері Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

МАРҚА ҚОЗЫ

Көгеннен бір күні босанып, Қозы, лақ кетті жайылып, Қуанғаннан секіріп,

Рысбек Тобылов, Тасбөгет кенті

Меншік иесі:



Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі номер - 1009)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген.

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үні» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады.